

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

«Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті»
оқу курсына

428

ішкі жаттықтырушы
оқытылды

LTIF жарақатының деңгейі

12%

төмендеді

2023 жылы Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіруге және «Самұрық-Қазына» АҚ тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған елеулі жұмыс жүргізілді, оның ішінде:

1. Ұлыбританияның IOSH қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау институтының мақұлдауына ие болған «Еңбек Қауіпсіздігі Мәдениеті» оқу курсы бойынша 428 ішкі жаттықтырушы және 120 мыңнан астам өндірістік қызметкер оқытылды, бұл көрсеткішті 100%-ға жеткізу жоспарда.
2. «Samruk Business Academy» ЖМ базасында «Health & Safety School» құрылды және қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін ең қауіпті жұмыс түрлері бойынша курстар сериясы әзірленді.
3. 2023 жылдың тамызында Қордың өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі II жыл сайынғы Форум өтті, ұқсас іс-шаралар Ірі портфельдік компанияларда да өткізілді.
4. Қор компаниялары тобының ішінде де, саланың озық компанияларымен де, атап айтқанда «Казцинк» ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» және «Еуразиялық Топ» ЖШС-мен тәжірибе алмасу жүзеге асырылды.
5. Қор қауіпті өндірістік объектілерде шартты аварияларды жою бойынша бірлескен оқу-жаттығулар өткізудің оң тәжірибесін жалғастырды, сондай-ақ Ақтау теңіз сауда порты, Үлбі металлургия зауыты, Жетібай кен орны, «Шалқия мырыш» АҚ аумағында оқу-жаттығуларға қатысты.
6. Портфельдік компаниялар сарапшыларының қатысуымен Қор тобының 17 кәсіпорнына кросс-аудит жүргізілді, 1200-ден астам сәйкессіздіктер анықталды, оларды жою бақылауға алынған жазатайым оқиғаларға алғышарттар болып табылады.

7. Қызметкерлердің автокөлікте қауіпсіздік белдіктерін тағу әдетін қалыптастыру мақсатында "QazaqGaz" ҰК" АҚ-ның көмегімен Қазақстан Республикасының 10 қаласында "конвинсерді" (ЖКО кезінде маңдайлық соқтығысу тренажер-имитаторы) практикалық сынау бойынша науқан жүргізілді.
8. Оқиғалар бойынша дэшбордтар қалыптастырылды, портфельдік компаниялардың мердігерлік ұйымдарындағы оқиғаларды есепке алу процесі автоматтандырылды, сондай-ақ QR арқылы қызметкерлерден ұсыныстарды жинау және қарау, ЕТҰ/ЖК филиалына іссапарға жіберу кезінде Қордың барлық қызметкерлерінің ӨБ деңгейін бағалау практикасы енгізілді.
9. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, атап айтқанда мақалалар шығару, бейнероликтер әзірлеу және көрсету, плакаттар орналастыру, ашық есік күндерін, Қор тобы қызметкерлерінің балаларына арналған шеберлік сыныптарын өткізу жүзеге асырылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша портфельдік компаниялармен бірлесіп іске асырылған іс-шаралардың нәтижелері ауыр және өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер санының 2022 жылмен салыстырғанда 17%-ға төмендеуі болды. LTIF жарақат алу коэффициенті 12%-ға төмендеді және 2022 жылғы 0,16-мен салыстырғанда 0,14 құрады.

